

## Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау бекеттерінің жұмысын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2010 жылғы 13 тамыздағы N 362 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 10 қыркүйекте Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6472 болып енгізілді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 26.06.2017 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 13-бабының 13) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 20.05.2025 № 162 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау бекеттерінің жұмысын ұйымдастыру қағидалары бекітілсін

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 26.06.2017 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

2. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің аумақтық инспекцияларының көліктік бақылау бекеттерінің жұмысын ұйымдастырсын.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 20.05.2025 № 162 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көліктік бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Көлік вице-министріне жүктелсін.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 20.05.2025 № 162 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Осы бұйрық бірінші ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министрдің міндетін атқарушы*

*Д. Көтербеков*

Қазақстан Республикасының  
Көлік және коммуникация  
министрінің міндетін  
атқарушының  
2010 жылғы 13 тамыздағы  
№ 362 бұйрығымен  
бекітілген

## **Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау бекеттерінің жұмысын ұйымдастыру қағидалары**

**Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 22.10.2020 № 549 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасы аумағындағы көліктік бақылау бекеттерінің жұмысын ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 13-бабының 13) тармақшасына сәйкес әзірленді.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 20.05.2025 № 162 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Қағидалар Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің (бұдан әрі – Комитет) аумақтық органдарының Қазақстан Республикасының аумағында көліктік бақылау бекеттерінің жұмысын ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 24.04.2024 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. Комитеттің аумақтық органдарының көліктік бақылау бекеттерінің негізгі міндеттері Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңнама талаптарының, Қазақстан Республикасымен ратификациялаған халықаралық шарттардың сақталуын, автомобиль жолдарының, жол құрылыстарының сақталуын және олармен жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

4. Комитеттің аумақтық органдарының көліктік бақылау бекеті қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлік құралдарының жүріп өтуін мемлекеттік бақылауды жүргізуге байланысты қызметі автомобиль тасымалдары саласындағы халықаралық шарттармен, Қазақстан Республикасының көліктік және салықтық заңнамаларымен, "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан

Республикасының Кодексімен (бұдан әрі – ӘҚБтК), "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарымен, "Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексімен, Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің нормативтік құқықтық актілерімен, сондай-ақ осы Қағидалармен регламенттеледі.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 20.05.2025 № 162 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5. Қағидаларда қолданылатын негізгі ұғымдар мен терминдер:

1) автоматтандырылған өлшеу станциясы – метрологиялық салыстырып тексеруден өткен, фото- және бейнетүсірілімді жүзеге асыратын, автоматты режимде жұмыс істейтін, автомобиль көлігі құралдарының түрін, маркасын, мемлекеттік тіркеу белгісін, салмақтық және габариттік параметрлерін, осьтік жүктемелерін және жүру жылдамдығын тіркейтін сертификатталған арнаулы бақылау-өлшеу техникалық құралдарының, аспаптар мен жабдықтардың зияткерлік көлік жүйесімен интеграцияланған кешені;

1-1) дөңгелекті бұғаттағыш – көлік құралының дөңгелегіне орнатылатын, оның одан әрі қозғалу мүмкіндігін болдырмайтын арнайы бұғаттағыш құрылғы;

2) жылжымалы көліктік бақылау бекеті – арнайы автокөлік базасында ұйымдастырылған, техникалық бақылау, байланыс құралдарымен және жабдықпен жарақталған көліктік бақылау бекеті;

3) көліктік бақылау бекеті (бұдан әрі – КББ) – техникалық бақылау құралдарымен жарақтанған, күрделі ғимаратпен немесе арнайы автокөлікпен жабдықталған стационарлы немесе жылжымалы өткізу-бақылау пункті;

4) көлік құралының салмақтық және габариттік параметрлерін өлшеу – метрологиялық салыстырып тексерістен өткен және тиісті сертификаты бар өлшеу құралы мен көлем шеңберлері, сондай-ақ стационарлық үлгідегі салмақ өлшеу жабдығы немесе жылжымалы мобильді таразылар көмегімен көлік құралдарының габариттік параметрлерін және жалпы массасы мен білікке түсетін жүктемесін айқындау процесі;

5) көліктік бақылау бекетінің ауысымы – аумақтық көліктік бақылау органдарының қызметкелерінен тұратын, бекітілген кестеге сәйкес стационарлық және жылжымалы көліктік бақылаудың бекеттерінде қызмет атқару үшін бекітілген ауысым;

6) нақнұсқа - салмақтық параметрлерін өлшеу кезінде көлік құралының біліктерінің жүктемелерін біркелкі бөлуге арналған жылжымалы мобильді таразылар үлгідегі салмақ өлшеу жабдығының бөлігі;

7) портативті алып жүретін бейнетіркегіш (бұдан әрі – бейнежетон) – ККБ қызметкерлерінің аудиобейнежазбаны жүзеге асыруға арналған техникалық құрылғы;

8) спутниктік навигация аппаратурасы – көлік құралының ағымдағы орналасқан жерін, бағытын және қозғалыс жылдамдығын кемінде екі қолданыстағы жаһандық навигациялық спутниктердің сигналы бойынша оны айқындау, қосымша борттық жабдықпен деректермен алмасу, сондай-ақ радиотелефон байланысының жылжымалы желілері бойынша ақпарат алмасу үшін автокөлік құралына орнатылатын аппараттық-бағдарламалық құрылғы;

9) стационарлық көліктік бақылау бекеті – күрделі ғимаратпен жабдықталған және техникалық бақылау, байланыс құралдарымен және жабдықпен жарақталған көліктік бақылау бекеті;

10) телевизиялық бейнебақылау жүйесі – объектінің жай-күйі туралы көрсетілімдерді алуға арналған техникалық, ақпараттық, бағдарламалық және пайдалану үйлесімділігі бар бірлесіп әрекет ететін техникалық құралдардың жиынтығы

**Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 26.04.2023 № 296 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.04.2024 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

## **2-тарау. Көліктік бақылау бекеттерінің жұмысын ұйымдастыру тәртібі**

6. Стационарлық және жылжымалы КББ жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарында, қалалар немесе өзге де елді мекендер шекараларының шегіндегі автомобиль жолдарында орналасады. Стационарлық көліктік бақылау бекеттерінің тізбесі "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінің және Қазақстан Республикасының аумағындағы стационарлық көліктік бақылау бекеттерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 9 шілдедегі № 697 қаулысымен бекітілген.

Қазақстан Республикасының аумағында көліктік бақылауды жүзеге асыру бойынша жылжымалы КББ-нің маршруты, сондай-ақ оған өзгеріс енгізу Комитет төрағасының бұйрығымен бекітіледі және Комитеттің Көліктік бақылау инспекцияларына (бұдан әрі – Инспекция) жеткізіледі.

7. КББ-нің штат саны, КББ ауысымы мен оның құрамын, оның ішінде қызмет жүргізу кезінде КББ-нің дұрыс жұмысын қамтамасыз ететін аға қызметкері,

Инспекциясының басшысы бөлген қаражатқа және Инспекцияның көліктегі бақылау бөлімінің штат санына сәйкес белгілейді.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.10.2021 № 534 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді) бұйрығымен.**

8. КББ-нің жұмыс режимі кестеге сәйкес айқындалады, онда КББ қызметкерлерінің бақылауды атқару күндері мен сағаттары (ауысымдары), сондай-ақ олардың демалуы үшін және тамақ ішуге бөлінген уақыт көрсетіледі.

9. Стационарлық КББ жұмыс үшін Стационарлық көліктік бақылау бекеттерінің жабдығы мен мүлік тізбесіне сәйкес осы Қағидаларға 1-қосымшаға (бұдан әрі - Стационарлық бекеттің жабдығы мен мүлік тізбесі) сәйкес қажетті жабдықпен және мүлікпен жарақтандырылады.

Жылжымалы КББ жұмыс үшін Жылжымалы көліктік бақылау бекеттерінің жабдығы мен мүлік тізбесіне сәйкес осы Қағидаларға 2-қосымшасына (бұдан әрі – Жылжымалы бекеттің жабдығы мен мүлік тізбесі) сәйкес қажетті жабдықпен және мүлікпен жарақтандырылады.

10. КББ ауысымының жұмыс кестесі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес әзірленеді және Инспекция басшысы (оның жоқ болу кезіне - оны алмастыратын адаммен) алдағы күнтізбелік айға ағымдағы айдың 20 күніне дейін бекітеді және ағымдағы жылдың 25 күніне дейін Комитетке жолдайды.

Стационарлық КББ тәулік бойы жұмыс істейді.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.10.2021 № 534 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді) бұйрығымен.**

11. КББ жұмысы әр күнтізбелік жылдың ішінде ведомствоға қарасты аумақта тіркелген көлік құралдарының жалпы санынан 15% кем емес көліктік бақылауға ұшырау жолымен ұйымдастырылады, олардан жүктерді тасымалдайтындар – кемінде 10% , жолаушыларды тасымалдайтындар - кемінде 5%.

12. Инспекцияның көліктегі бақылау бөлімінің басшысы (ол жоқ болған кезде – оны алмастыратын адам) жылжымалы КББ әрбір ауысымына, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша маршрут карточкасын екі данада жасайды, олардың біреуі Инспекцияда күнтізбелік бір жыл сақталады, басқасы жылжымалы КББ ауысымына тапсырылады.

Жылжымалы КББ ауысымға шыққанға дейін Инспекцияның көліктегі бақылау бөлімінің басшысы Комитеттің Ахуалдық орталығына бекітілген маршрут карточкасын электрондық форматта жібереді.

Маршрут карточкасы тәуліктің әртүрлі сағаттарында және жыл мезгілінде көлік құралдары қозғалысының қарқындылығын ескере отырып жасалады. Көлік құралдары қозғалысының қарқындылығы автоматтандырылған өлшеу станцияларының

көрсеткіштері бойынша, Автомобиль жолдарын басқару жөніндегі Ұлттық оператордың деректері бойынша, мемлекеттік органдардың өкілдерімен бірлескен іс-шаралардың қорытындылары бойынша айқындалады.

Инспекцияның көліктегі бақылау бөлімінің басшысы (оның жоқ болу кезіне – оны алмастыратын адам) аптасына 2 рет стационарлық және жылжымалы бекеттің жабдығы мен мүлік тізбелерінде көрсетілген КББ жабдығы мен мүлігінің, сондай-ақ Ахуалдық орталықпен байланыс каналының бар болуын және жұмысқа қабілеттілігін тексереді.

Комитет қызметкерлері және (немесе) инспекция басшылығы КББ-ін тексергеннен кейін осы Қағидаларға 3-1-қосымшаға сәйкес КББ-не бару және тексеру журналына ұсынымдармен не ескертулермен тиісті жазба жасайды.

Инспекция басшысы КББ қызметкерлерінің осы Қағидалардың талаптарын сақтауын, КББ-де тиесілі құрылғылар мен мүліктердің жарамдылығын, сондай-ақ бақылау-өлшеу құралдарына метрологиялық тексерудің уақытылы жүргізілуін қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 20.05.2025 № 162 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

13. Ауысымды қабылдау және тапсыру кезінде ауысымдардың аға қызметкерлері осы Қағидаларға 4-қосымшасына сәйкес нұсқада Инспекцияның және тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жеткізушілердің теңгерімдегі тұратын КББ жабдығы мен мүлігін қабылдау-тапсыру актісін жасайды.

КББ жабдығы мен мүлігін қабылдау-тапсыру актісі Инспекцияда күнтізбелік бір жыл хронологиялық тәртіпте сақталады.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 20.05.2025 № 162 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

14. Жылжымалы КББ табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға, жедел-профилактикалық іс-шараларды жүргізуге, сондай-ақ телевизиялық бейнебақылау жүйесі арқылы мониторинг жүргізу барысында және Комитеттің Ахуалдық орталығына келіп түскен өтініштер бойынша Комитеттің Ахуалдық орталығының кезекшісімен жедел жіберілуі мүмкін.

Жылжымалы КББ-нің жедел-профилактикалық іс-шараларға, сондай-ақ Инспекцияға келіп түскен заңды және жеке тұлғалардың өтініштеріне қатысуы оны өткізу басталғанға дейін кемінде 2 күн бұрын Инспекцияның Комитетке жазбаша хабарламасы бойынша жүзеге асырылады.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің м.а. 24.04.2024 № 148 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**



15. Көліктік бақылау органдарының арнайы автокөлігі мобильді интеллектуалды бақылау аспабымен, арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуы тиіс және "Жылжымалы көліктік бақылау бекеті – Передвижной пост транспортного контроля" жазуымен және Комитеттің логотипімен белгіленеді.

Жылжымалы КББ-нің ластанған шанағымен және (немесе) салонмен, күнге оңған және (немесе) бұзылған арнайы түсті-графикалық схемалары бойынша бояуымен, жазуымен, логотипімен, шанақтың, салонның бөлшектерімен жұмыс істеуге жол берілмейді.

**Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.10.2021 № 534 (01.01.2022 бастап күшіне енеді) бұйрығымен.**

16. Жылжымалы КББ-де көліктік бақылауды жүргізу кезінде қызғылт сары немесе сары түсті жарқылдауық маяғы іске қосылады.

КББ қызметкерлері автомобиль көлігі саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезінде:

1) "Мемлекеттік көліктік бақылау органдарының оны кию құқығы бар қызметкерлерінің нысанды киімдерінің (погондары жоқ) және айыру белгілерінің үлгілерін, кию тәртібін, онымен қамтамасыз ету нормаларын және лауазымдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 22 қаңтардағы № 50 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8303 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша нысанды киім (погонсыз) киеді және нөмірлі омырау белгілері бар;

2) "Сәйкестендіру карталарының сипаттамасын, оларды беру мен пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 69 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20463 болып тіркелген) бекітілген сипаттамаға сәйкес сәйкестендіру карталары бар;

3) "Көліктік бақылау органдары қызметкерлерінің әкімшілік құқық бұзушылықтар және әрекеттер жасау фактілерін тіркеп алу үшін техникалық құралдарды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 26 маусымдағы № 436 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18944 болып тіркелген) бейнежетонды және (немесе) мобильді интеллектуалды бақылау аспабын қолданып аудио-, бейнежазба жүргізеді;

4) КББ-да және оның қарамағына жататын алаңдарда (жылжымалы КББ үшін – арнайы көлік шанағының ең жақын жағынан 3 метрден кем емес), тоқтатылған көлік құралдарын, олардың жүргізушілерін және (немесе) тасымалдаушының заңды өкілін

есепке алмағанда, сондай-ақ Комитеттің келісімінсіз қоғамдық ұйымдарының, мемлекеттік органдарының, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін (бірлескен іс-шара өткізу кезінде) бөгде адамдар мен көлік құралдарының болуына рұқсат етпейді;

5) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде пилотсыз ұшу аппараттарын пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 706 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12812 болып тіркелген) сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық жасау фактілерін тіркеу үшін пилотсыз ұшу аппаратын пайдаланады.

КББ қызметкері қызметтік міндеттерін орындау барысында көліктік бақылау қызметкерінің КББ-ны және оған іргелес алаңды босату туралы заңды талаптарын орындамауынан және тиісінше орындамауынан көрінген бөгде адам тарапынан кедергілер туындаған жағдайда КББ-нің аға қызметкері ӘҚБтК көзделген тәртіпте және мерзімдерде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғайды.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.10.2021 № 534 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді); өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 26.04.2023 № 296 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

### **3-тарау. Көліктік бақылау бекеттерінде көліктік бақылауды жүргізу тәртібі**

17. КББ қызметкері көліктік бақылау жүргізуді мынадай тәртіппен қамтамасыз етеді :

1) бейнежетонды қосады;

2) көлік құралын (жүк автомобильдері, мамандандырылған және арнайы автомобильдері, автобустарды, шағын автобустарды, жеңіл автомобильдерді) дауыс зорайтқыш құрылғының көмегімен сигнал беру жолымен не жүргізушіге түсінікті болуы тиіс бір мезгілде ысқырып сигнал берумен көлік құралына бағытталған таяқшамен тоқтатады және олардың орындалуы авариялық жағдай туғызбауы үшін уақтылы беріледі немесе автомобиль жолының бөлінген белдеуінде тұрған көлік құралының жүргізушінен көліктік бақылау жүргізу үшін КББ-ға жүруді талап етеді;

3) көлік құралына кідірмей жақын келеді, өзін таныстырады, көлік құралын тоқтату себебін түсіндіреді және жүргізушінің талабы бойынша танысу және тегі мен лауазымын анықтау үшін қызметтік куәлігін не сәйкестендіру картасын жүргізушіге берместен, оны көрсетеді;

4) көлік құжаттарын басқарудың бірыңғай жүйесінде тіркелген құжаттарды қоспағанда, мыналарды Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі саласындағы заңнамасы талаптарының сәйкестігіне сұратады және тексереді:



көлік құралын басқару құқығын беретін жүргізуші куәлігін немесе жүргізуші куәлігінің орнына берілген уақытша куәлігін және жүргізушінің жеке басын куәландыратын құжатты немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжатты;

көлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті не болмаса көлік құралына меншік құқығы туралы куәландыратын құжатты немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжатты;

жол парағын;

алып жүретін жүкке арналған құжатты (тауар-көліктік жүкқұжатты, ілеспе және рұқсат құжаттарды);

жолаушыларды тасымалдауға арналған құжаттарды (халықаралық тасымалдауға арналған рұқсат құжаттары, жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған куәлік, билет-есепке алу парағы (тұрақты тасымалдау кезінде), жолаушыларды облысаралық қалааралық, ауданаралық (облысішілік қалааралық) және халықаралық қатынастарда автобустармен, шағын автобустармен тұрақты емес тасымалдау, сондай-ақ жолаушыларды халықаралық қатынаста автобустармен, шағын автобустармен тұрақты тасымалдау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензияның және оған қосымшасының көшірмелерін, борт журналын (тұрақты емес тасымалдау кезінде), жолаушылар тізімін (тұрақты емес тасымалдау кезінде), тұрақты емес тасымалдау қызметіне тапсырыс беруші мен тасымалдаушының арасындағы жазбаша шарттың көшірмесі);

электрондық (цифрлық) тахографқа арналған әр жүргізушінің карточкасын немесе диаграммалық дискілер, оның ішінде алдағы аптаның өткен күнтізбелік 28 күніне, тахографтан ақпаратты басып шығаруды, тахографты тексеру туралы сертификат, тахографты кезең сайын тексеру туралы куәлік, тахограф істен шыққан жағдайда тахографтан басып шығарылған қағаздың екінші жағында еңбек және демалыс режимінің жазбасы немесе тіркеу парағын;

жолаушыларда жол жүру құжаттарын (билеттер), багаж түбіртектерін;

5) тахографтың болуын, оның қолданылуын, сондай-ақ тақтайшалардың болуы және оның мазмұнын;

автобустың, шағын автобустың, автомобиль таксиінің "Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 349 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11550 болып тіркелген) талаптарына сәйкестігін;

автобустарда, шағын автобустарда тасымалдауға жол берілмейтін от қауіпті, жарылғыш, улағыш, жеңіл тұтанатын, улы, өткір және күлімсі иісті заттарды, құндағы және ілеспе құжаттары жоқ дәрімен атылатын қарудың бар болуын;

автобус салонында жүктердің болуын;

6) "Жүргізушілердің еңбегі мен демалысын ұйымдастыру, сондай-ақ тахографтарды қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1288 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14095 болып тіркелген) талаптарының сақталуын тексереді;

7) өлшеу құралын, сондай-ақ стационарлық үлгідегі салмақ өлшеу жабдығы немесе жылжымалы мобильді таразыларды қолдану арқылы, осы Қағидалардың 6-тарауында айқындалған тәртіппен, көлік құралының нақты салмақтық және габариттік параметрлерін өлшейді;

8) әкімшілік құқық бұзушылық белгілерін көрсететін Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеген кезде, ӘҚБтК көзделген тәртіппен және мерзімдерде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғайды;

9) тексерілген барлық көлік құралдары туралы мәліметтерді көліктік дерекқордың ақпараттық-талдамалық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ, көліктік бақылау жүргізілгеннен кейін Комитетінің "Электрондық өтінім беру" ақпараттық жүйесі арқылы ауыр салмақты және (немесе) ірі габаритті автокөлік құралдарының жүруіне арналған және 1, 6, 7-класты қауіпті жүкті тасымалдауға арналған арнайы рұқсаттарды өтейді.

Осы тармақтың 9) тармақшасында көзделген іс-әрекеттерді орындау үшін азаматтық қызметшілер жұмылдырылуы мүмкін.

Жүргізуші көлік құралын тоқтату туралы талапты орындамаған немесе көлік құралының нақты салмақтық және габариттік параметрлерін тексеру үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартқан не өлшеуді жүргізуден бас тартқан жағдайда, ӘҚБтК-нің 804-бабына сәйкес КББ қызметкерлері екі куәгердің қатысуымен (бар болса) немесе аудио-бейнежазбаның техникалық құралдарын қолдана отырып, осы фактіні тіркегеннен кейін ӘҚБтК-нің 41-тарауында көзделген тәртіппен және мерзімде Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғайды.

Жолаушыларды, багажды автомобильмен тұрақты немесе тұрақты емес тасымалдауды, сондай-ақ жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру кезінде автокөлік құралының жол парағында немесе борттық журналында тексеруден өткені туралы белгісін қоймай рейс алдындағы (ауысым алдындағы) техникалық қарап-тексеруден өтпеген автокөлік құралдарын пайдалануға шығару, сондай-ақ рейс алдындағы (ауысым алдындағы) медициналық қарап-тексеруден өтпеген жүргізушінің басқаруына рұқсат беру не ол автокөлік құралының жол парағын немесе борттық журналын ұсынбай, КББ қызметкері:

1) уақытша сақтау үшін көлік құралын басқа көлік құралын (эвакуаторды) пайдалана отырып, арнаулы алаңдарға, тұрақтарға немесе КББ-не іргелес алаңдарға

ұстауды және жеткізуді жүзеге асырады, ол туралы осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес белгіленген нысанда акт жасалады;

2) ұсталған көлік құралын жеткізуге мүмкіндік беретін басқа көлік құралы (эвакуатор) болмаған кезде куәгерлердің қатысуымен оны көзбен шолып тексеруді (қарап-тексеруді) жүргізеді;

3) жету қиын жерлерде, тиісті хабарлама құралдары болмаған кезде немесе басқа объективті себептерге байланысты жеке тұлғаларды куәгерлер ретінде тартуға мүмкіндік болмаған кезде тексеру аудио-бейнежазбаның техникалық құралдарын қолдана отырып жүргізіледі;

4) көлік құралын тексеру аяқталғаннан кейін оның мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісін алып қою жүргізіледі және ол жүріс бөлігінен тыс жерде болған кезде жетекші ось дөңгелектеріне екі куәгердің қатысуымен және/немесе аудио-бейнежазбаның техникалық құралдарын қолдана отырып блокаторлар орнатылады, бұл туралы тиісті хаттама жасалады;

5) ұсталған көлік құралының алып қойылған мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі оралады, мөрленеді және КББ қызметкері мен куәгерлердің (бар болса) қолымен куәландырылады;

6) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралғанға дейін ұсталған көлік құралының алып қойылған мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі Инспекция айқындайтын жерде сақталады;

7) іс қаралғаннан кейін шығарылған қаулыға сәйкес ұсталған көлік құралының жүргізушісіне немесе иесіне алып қойылған мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісін қайтарады және оның жетекші осінің дөңгелектеріне орнатылған бұғаттағыштарды алып тастауды жүргізеді.

"Автокөлік құралдарын техникалық пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 547 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12221 болып тіркелген) сәйкес тасымалдаушының жауапты техникалық қызметкері (механик-бақылаушы) немесе жақын маңдағы техникалық қызмет көрсету станциясы тоқтаған жерде көлік құралының техникалық жай-күйіне диагностика жүргізу кезінде анықталған көлік құралының ақауы болған жағдайларды қоспағанда, көлік құралы тоқтағаннан кейін немесе оны КББ-де тексеру барысында бұзылған жағдайда жүргізушінің іс-әрекеті КББ қызметкерлерінің қызметтік міндеттерін жүзеге асыруда кедергілер туғызу ретінде бағалануы тиіс.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 24.04.2024 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің 20.05.2025 № 162 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17-1. КББ қызметкерінің талап етуі бойынша автокөлік құралын тоқтату үшін негіз болып табылады:

1) автокөлік құралының Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген автокөлік құралдарының салмақтық және габариттік параметрлерін асыра отырып, жүріп өтуі;

2) ірі көлемді, ауыр салмақты және қауіпті жүктерді қоса алғанда, жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру кезінде қажет болатын, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында қарастырылған рұқсаттардың және (немесе) хабарламалардың болмауы;

3) ірі көлемді, ауыр салмақты және қауіпті жүктерді қоса алғанда, жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру кезінде қозғалыс маршрутын және (немесе) кестесін сақтамау;

4) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасында берілген хабарламаны орындамау;

5) Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелінген автокөлік құралдарымен тасымалдауды қоспағанда, шет мемлекеттің аумағында тіркелген автокөлік құралдарымен Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан пункттер арасында жолаушыларды, багажды, жүктерді тасымалдау үшін белгіленген талаптарды тексеру;

6) арнайы автоматтандырылған өлшеу құралы арқылы жүріп өту тәртібін сақтамау;

7) уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде жүк және мамандандырылған автокөлік құралдарымен жүк тасымалдау, сондай-ақ арнайы автомобильдермен қызметтер көрсету бойынша тіркеуде болмауы.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген автокөлік құралын тоқтату негіздері интеллектуалды көлік жүйесімен анықталады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 5) тармақшасында қарастырылған автокөлік құралын тоқтату үшін негіз Қазақстан Республикасының аумағында күнтізбелік бес күннен астам тұрған шетелдік автокөлік құралдарына қолданылады.

КББ қызметкерлеріне осы тармақтың бірінші бөлігінде қарастырылған негіздер бойынша автокөлік құралын тоқтатуға тыйым салынады.

**Ескерту. Қағида 17-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.10.2021 № 534 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4 -т. қараңыз) бұйрығымен.**

18. Осы Қағидалардың 17-тармағында көзделген іс-әрекеттерге бейнежетонға тіркеуді жүзеге асырмай жол берілмейді.

**Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 24.04.2024 № 148 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

19. КББ қызметкерлері жеке және заңды тұлғалардың, осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес бақылау нәтижелері туралы актінің (бұдан әрі – бақылау нәтижелері туралы акті) нысанында қарастырылған автомобиль көлігі саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауы тұрғысынан көліктік бақылау жүргізуді қамтамасыз етеді.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 20.05.2025 № 162 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Бақылаудан өту бақылау нәтижелері туралы актіні толтыру, оған және жүргізуші ұсынатын рұқсат құжаттарына (бар болған жағдайда) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес мөртабан үлгісіне сәйкес мөртабан қою арқылы ресімделеді.

КББ-нің аға қызметкері мен жүргізушінің қолдары қойылған тексеру нәтижелері туралы актінің көшірмесі тексерілген көлік құралының жүргізушісіне беріледі.

Осы Қағидалардың 21-тармағының үшінші бөлігінде көзделгенді қоспағанда, жүргізушіде мөртабан қойылған тексеру нәтижелері туралы актінің көшірмесі болған жағдайда, Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкестігі басқа КББ-де қосымша тексерілмейді.

Ескерту. 20-тармақтың үшінші бөлігінде орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Көлік министрінің 20.05.2025 № 162 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Бақылаудан өту туралы мөртабан мыналарға:

1) Қазақстан Республикасының резиденттері емес шетел тасымалдаушылары үшін рұқсат құжаттарының екінші жағына (бар болған жағдайда), сондай-ақ тексеру нәтижелері туралы актінің көшірмесінде, диаграммалық дискіде немесе тахографтан ақпаратты басып шығарылуында;

2) Қазақстан Республикасының резиденттері болатын отандық тасымалдаушылар үшін бақылау нәтижелері туралы актінің көшірмесінде, диаграммалық дискіде немесе тахографтан ақпаратты басып шығарылуында қойылады.

Бақылаудан өту туралы мөртабан көлік құралын жүк жөнелтуші пломбалаған жағдайда қойылады.

Пломба жоқ болған немесе үзілген жағдайда және жүргізушіде мөртабан қойылған бақылау нәтижелері туралы актінің көшірмесі болған жағдайда, басқа КББ көлік құралының нақты салмақтық және габариттік параметрлеріне тексеру жүргізеді.

КББ-нің қызметкері жетонның реттік нөмірі берілген жеке мөртабанды пайдаланады.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 24.04.2024 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.



22. Әкімшілік құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында оны жасауда күдікті адамның тұлғасын анықтау, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтыру оны әкімшілік құқық бұзушылық жасалған орында мүмкін болмаған жағдайда, істің уақтылы және дұрыс қаралуын және іс бойынша қабылданған қаулыны орындауды қамтамасыз ету үшін КББ қызметкері өз өкілеттігі шегінде ӘҚБтК бекітілген тәртіппен және мерзімдерде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қамтамасыз ету шараларын қабылдайды.

23. Жүргізуші көліктік бақылауды өткізуден бас тартқан жағдайда КББ қызметкерлері әкімшілік құқықбұзушылық туралы істі қозғап, өздігінен көліктік бақылауды жүргізеді.

24. КББ қызметкерлерімен алым және (немесе) айыппұл сомасы электрондық төлемдерді қабылдау терминалы, немесе алым және (немесе) айыппұл сомасын төлеу туралы түбіртекте көрсету арқылы қабылданады.

#### **4-тарау. Көліктік бақылау бекеттерінің Комитеттің Ахуалдық орталығымен өзара іс-қимыл тәртібі**

25. КББ қызметкерлері көліктік бақылауды жүзеге асыру кезінде:

1) кезекшілік басында кезекшілікке түскен қызметкерлердің лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (бұдан әрі – Т.А.Ә.), Инспекцияның және тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жеткізушілердің теңгерімдерінде тұрған КББ-нің жабдығы мен мүлкінің тізбесіне кіретін жабдықтардың бар болуы мен жай-күйі, жылжымалы КББ-нің маршруты және ағымдағы жағдайы туралы;

2) ұстағаннан немесе ұстауды тоқтатқаннан немесе мамандандырылған тұраққа кіргізуден соң 20 минут ішінде сондай автокөлік құралы туралы мәліметтерді;

3) жылжымалы КББ-нің орнын ауыстырудың алдында жоспарланған орынның орналасу жерін (автомобиль жолының бағыты, километрі, елді мекеннің атауы) көрсете отырып;

4) демалуға және тамақ ішуге үзілістің басталуы туралы;

5) КББ жабдығы мен мүлкінің ақаулы болуы туралы;

6) КББ жұмысын тоқтату туралы;

7) осы Қағидалардың 16 және 36-тармақтарында көзделген жағдайлар туралы;

8) құқық қорғау немесе бақылау органдарымен КББ-да арнайы шараларды өткізу туралы;

9) КББ арнайы автокөлік құралының қатысуымен жол-көлік оқиғасы туралы;

10) штаттан тыс жағдайлар пайда болған жағдай туралы Комитеттің Ахуалдық орталығына хабарлайды.

Салмақ өлшеу жабдығының жұмыс істемеуін және ол кезде тек салмақтық параметрлерге бақылау жүзеге аспайтындығын қоспағанда осы тармақтың 5)

тармақшаларында көрсетілген жағдайлар пайда болған кезде, КББ-де көліктік бақылауды жүзеге асыру ақауларды жойғанға дейін тоқтатылады.

**Ескерту. 25-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.10.2021 № 534 (01.01.2022 бастап күшіне енеді) бұйрығымен.**

26. Комитеттің Ахуалдық орталығының кезекшісі КББ жұмысына нақты уақыт режимінде бейнебақылау телевизиялық жүйесі, бейнежетондар мен ақпараттық жүйелері арқылы мониторингті жүзеге асырады.

Комитеттің Ахуалдық орталығының қызметкерлері КББ жұмысына мониторингіні КББ-ға шығып жүзеге асырады. КББ-ға жүріп шығу нәтижелері бойынша Комитеттің Ахуалдық орталығының қызметкерлері ұсынымдармен жазбаша есеп береді.

Телефонмен сөйлесу кезінде Комитеттің және Инспекциялардың қызметкерлері биязылық және әдептікті көрсетеді, іскерлік этикетті және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеппін сақтайды.

КББ-да көліктік бақылауды жүзеге асыруды тоқтату туралы ауысымның аға қызметкері Бекеттің жұмысы журналында себепті көрсетіп жазады.

КББ-ның ауысымның аға қызметкері сағат 06:00-ден 07:00-ге дейін және 18:00-ден 19:00-ге дейін аралығында Ахуалдық орталықтың кезекшісіне тексерілген автокөлік құралдары, қозғалған әкімшілік материалдар, тексерілген қазақстандық рұқсат бланкілер, Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы шекарасынан жойылған хабарламалар саны және алым сомалар туралы ауызша есеп береді.

**Ескерту. 26-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің 20.05.2025 № 162 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **5-тарау. Автомобиль тасымалдаушыларымен өзара қарым-қатынас және жеке қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету**

27. КББ қызметкерлерінің тасымалдаушылармен өзара қарым-қатынастары мемлекеттік қызметшінің этикасын, заңдылықты қатаң сақтауға, өзінің лауазымдық өкілеттіктерін нақты орындауға, азаматтарға игі ниетпен және құрметпен қарым-қатынас жасаумен құқық бұзушылықтың алдын алуда және жолын кесуде қатаңдықтың, батылдықтың және принципшілдіктің үйлесімділігіне негізделеді.

28. Әкімшілік жауапкершілікке тарту кезінде КББ қызметкерлері бұзушыларға олардың ӘҚБтК-не сәйкес құқықтарын түсіндіреді:

- 1) хаттамамен және істің басқа да материалдарымен танысуға;
- 2) түсініктемелер беруге, хаттаманың мазмұны мен ресімделуі жөнінде ескертулер жасауға;
- 3) дәлелдемелер ұсынуға;
- 4) өтінішхаттар мен қарсылықтарды мәлімдеуге;
- 5) қорғаушының заң көмегін пайдалануға;

6) істі қарау кезінде ана тілінде немесе өзі білетін тілде сөйлеуге және егер іс жүргізіліп отырған тілді білмесе, аудармашы көрсеткен қызметтерді өтеусіз пайдалануға;

7) іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларының қолданылуы бойынша, нақты деректерге және мән-жайларға сәйкес келмейтін мәліметтер көрсетілген жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы жасауда заңның бұзылуына, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамаға және іс бойынша қаулыға шағым жасауға;

8) үзінді көшірме алуға және істегі құжаттардың көшірмелерін түсіріп алуға;

9) өзіне осы Кодексте берілген өзге де процестік құқықтарды пайдалануға құқылы.

29. КББ қызметкері көлік құралдарының жүріп өтуіне бақылауды жүзеге асыру кезінде өзінің жеке қауіпсіздігі бойынша мынадай негізгі шараларды сақтайды:

1) қызметтік міндеттерін орындау кезінде жол қозғалысының қатысушыларына айқын көріну және дер кезінде құқық бұзушылықтың алдын алу мүмкіндігіне ие болу үшін орын таңдайды;

2) тәуліктің қараңғы кезінде және көру мүмкіндігінің шектеулі жағдайында жарықтандырылған жол учаскелерінде бақылау жүргізеді, жарық шығаратын жезл мен жарық шағылдырғыш нысаны болады;

3) жол жамылғысының тайғақ учаскесінде тұруына болмайды;

4) егер көлік қозғалысына немесе өзінің жеке қауіпсіздігіне кедергі келтіретін болса, жол жиегінде тұрып құқық бұзушылықты болдырмайды.

Жеке қауіпсіздігіне қауіп төнген жағдайда Ахуалдық орталықпен келісім бойынша көліктік бақылауды қауіп жағдайды жоюға дейін жүзеге асыруы тоқтатылады.

## **6-тарау. Көлік құралының нақты салмақтық және габариттік параметрлеріне өлшеу жүргізу тәртібі**

30. Көлік құралдарының нақты салмақтық және габариттік параметрлерін тексеру және олардың Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген жол берілетін параметрлерден асып кету шамасын айқындау жолымен ірі көлемді және ауыр салмақты көлік құралдарының жүруін көліктік бақылау мыналарды пайдалана отырып жүргізіледі:

1) өлшеу құралы мен көлем шеңберлерін;

2) стационарлық үлгідегі салмақ өлшеу жабдығы немесе жылжымалы мобильді таразылар;

3) автоматтандырылған өлшеу станциялары.

Өлшеу құралы мен көлем шеңберлерді пайдалануға мынадай:

1) жабдықтың ақаулары;

2) метрологиялық тексеруден өтпеген немесе метрологиялық тексерудің қолданылу мерзімі өтіп кеткен жағдайларда жол берілмейді.

Стационарлық үлгідегі салмақ өлшеу жабдығын немесе жылжымалы мобильді таразыларды, сондай-ақ автоматтандырылған өлшеу станцияларын пайдалануға мынадай:

- 1) жабдықтың ақаулары;
- 2) техникалық сипаттамалары ағымдағы ауа-райы жағдайларына сәйкес келмеуі;
- 3) метрологиялық тексеруден өтпеген не метрологиялық тексерудің қолданылу мерзімі өткен;
- 4) КББ автоматтандырылған жұмыс орнына нақты уақыт режимінде салмақты өлшеу деректерін бермеген жағдайларда жол берілмейді.

Көліктік бақылаудың жылжымалы бекеттерінде көлік құралдарының нақты салмақтық параметрлерін өлшеу Ахуалдық орталыққа деректерді беру функциясы бар тасымалды мобильді таразыларда жүргізіледі.

Деректерді Ахуалдық орталыққа беру функциясы бар тасымалды мобильді таразыларда өлшеу жүргізу мүмкін болмаған жағдайда, Инспекция басшысының шешімі бойынша қолда бар таразы жабдығын пайдалануға жол беріледі.

**Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 26.04.2023 № 296 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

31. Көлік құралының нақты салмақтық параметрлерін өлшеу мынадай ретпен өткізіледі:

1) көлік құралын өлшеуді жүзеге асыру алдында оның мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі стационарлық үлгідегі салмақ өлшеу жабдығын және (немесе) жылжымалы мобильді таразыларға енгізіліп, сондай-ақ онда өлшеу күні мен уақыты белгіленеді;

2) мобильді таразыларда көлік құралының алдыңғы және артқы біліктерінің дөңгелектерін мобильді таразылардың платформаларына кезекпен мінгізу арқылы кезеңмен өлшеу жүзеге асырылады;

3) стационарлық үлгідегі салмақ өлшеу жабдығында көлік құралының алдыңғы және артқы біліктерінің немесе біліктер тобының (екі және үш білікті) дөңгелектерін таразылардың платформаларына кезекпен мінгізу арқылы кезеңмен өлшеу жүзеге асырылады;

4) өлшеу нәтижелері стационарлық үлгідегі салмақ өлшеу жабдығының дисплейінде және (немесе) жылжымалы мобильді таразыларда бейнеленетін мәндердің ауытқуын болдырмайтын күйде стационарлық үлгідегі салмақ өлшеу жабдығының немесе жылжымалы мобильді таразылардың платформаларында көлік құралы толығымен тоқтаған кезде ғана тіркеледі;

5) көлік құралын өлшеу нәтижелері қағаз тасығышқа шығарылады, көшірмесі жүргізушінің талабы бойынша беріледі.

Көлік құралының нақты салмақтық параметрлерін мобильді таразыларда өлшеу Комитеттің келісімі бойынша Инспекция басшысы бекіткен тізбеге сәйкес алдын ала белгіленген алаңдарда жүргізіледі.

Көлік құралының нақты салмақ параметрлерін өлшеуге арналған алаңдар жылжымалы таразы платформаларының биіктігі бойынша ойықтары бар қатты жабындыда және жарықтандырылған учаскелерде орналасады немесе осьтер тобына арналған муляждарды қолдана отырып, көлік құралының барлық осьтерінің біркелкі орналасуын қамтамасыз етеді.

Осы тармақтың тармақшаларында көзделген КББ қызметкерінің әрекеттеріне рұқсат етілген ең ұзақ уақыт – 30 минут, ал 6 (алты) және одан да көп осьтері бар автокөлік құралына қатысты көліктік бақылау жүргізілген жағдайда, мұндай әрекеттерге рұқсат етілген ең ұзақ уақыт – 60 минут.

Орналасқан жері бойынша алдын ала белгіленген алаңдар болмаған жағдайда, көлік құралының нақты салмақ параметрлерін өлшеу қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, автомобиль жолдарының учаскелерінде жылжымалы таразылармен жүргізіледі.

**Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 24.04.2024 № 148 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің 20.05.2025 № 162 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

32. Автокөлік құралдарының нақты салмақ параметрлері рұқсат етілгеннен параметрлерден 1 тоннаға асып жүріп өту кезінде, КББ-нің қызметкерлері 7-қосымшасына сәйкес жүргізушіге бұзушылықтың орындауы туралы нұсқама береді.

33. "Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен жүруге арналған автокөлік құралдарының жол берілетін параметрлерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 342 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11009 болып тіркелген) (бұдан әрі – Параметрлер) талаптарын ескере отырып, көлік құралының нақты габариттік параметрлерін және сызықтық өлшемін өлшеу көліктің осьтерінің бірқалыптылығын сақтайтын жол жабынынан немесе басқа да алаңнан оның ұзындығы, ені және биіктігі бойынша шеткі екі нүктенің арасында өлшенеді.

34. Көлік құралының салмақтық және габариттік параметрлерін өлшеу нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 206 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11395 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының аумағында ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру және оның жүзеге асыру қағидаларының 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша автокөлік құралының параметрлерін өлшем актісіне (бұдан әрі – Акт) бақылаудан

өткені туралы мөртабан қоя отырып дереу жасалады, оның көшірмесі жүргізушіге және тасымалдаушының талап етуі бойынша ұсынылады.

Жүргізуші Акт көшірмесін алудан бас тартқан жағдайда, оған тиісті жазба жүргізіледі. Жүргізушінің бас тартуын тіркеу техникалық аудиобейнежазба құралын қолдана отырып жүргізіледі.

**Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 20.05.2025 № 162 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

35. Егер стационарлық үлгідегі салмақ өлшеу жабдығы немесе жылжымалы мобильді таразыларда ақпаратты қағаз тасымалдағышқа басып шығару функциясы болған жағдайда, КББ қызметкерлері оларда белгіленген күні мен уақытының, сондай-ақ тексеріліп жатқан көлік құралының мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісінің дәлдігіне көз жеткізеді.

Сұйық жүкті тасымалдауды жүзеге асыратын көлік құралдарын өлшеу нәтижелері стационарлық үлгідегі салмақ өлшеу жабдығының және (немесе) жылжымалы мобильді таразылардың платформаларына көлік құралының дөңгелектерін қою салдарынан пайда болатын төгілу және (немесе) толқындарды болдыртпайтын жағдайларды қамтамасыз еткеннен кейін стационарлық үлгідегі салмақ өлшеу жабдығында және (немесе) жылжымалы мобильді таразыларда тіркеледі.

Нақты салмақтық параметрлері жол берілетін параметрлерден артық анықталған жағдайда автокөлік құралдарын өлшеу нәтижелері бар мәтіндік ақпарат қағаз тасымалдағышта әкімшілік іс жүргізу материалдарына қосылады.

36. Көлік құралын бақылаулық өлшеу (өлшем) мынадай:

1) жүргізушінің талабы бойынша басып шығару қағазында және (немесе) Актіде көлік құралының салмақтық немесе габариттік параметрлерін айқындау нәтижелерімен келіспеу туралы белгі жасалған кезде;

2) жүргізушінің талабы бойынша автоматтандырылған өлшеу станцияларында электронды тақтада (болған жағдайда) көрсетілген рұқсат етілген салмақтық габариттік параметрлерінің асқандығы туралы ақпаратпен келіспеген жағдайда;

3) Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген параметрлерге сәйкес келтіру үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету және көлік құралдарын жеңілдету шараларын қабылдағаннан кейін;

4) осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, автоматтандырылған өлшеу станциялары арқылы параметрлерден асып кеткенін, дұрыс жүрмегенін тіркеген кезде;

5) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 23 ақпандағы № 87 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу



тізілімінде № 6817 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында жүк көлігі құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын қолдану қағидаларының 5-тармағында көзделген жағдайларда жүргізіледі.

Осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген жағдайда көлік құралын бақылаулық өлшеу (өлшем) жүргізушінің өлшеу нәтижелерімен танысу сәтінен бастап 40 (қырық) минуттан кешіктірілмей жүргізіледі.

Осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген жағдайда көлік құралын бақылаулық өлшеу (өлшем) жүру маршруты бойынша жақын КББ-де және автоматтандырылған өлшеу станциялары арқылы жүріп өтілген сәттен бастап үш сағаттан кешіктірілмей жүргізіледі.

Осы тармақтың 3) тармақшасында көзделген жағдайда көлік құралдарын Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген параметрлерге сәйкес келтіру үшін жеңілдету бейнежетонды пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Көлік құралын арнайы алаңдарда, тұрақтарда немесе КББ-ге іргелес жатқан алаңдарда уақытша сақтау үшін оларды жеткізген (эвакуациялаған) жағдайда бақылаулық салмақ өлшеу (өлшем) жүргізілмейді.

Автокөлік құралына қатысты бақылаулық өлшеу (өлшем) жүргізілген жағдайда бақылаулық өлшеу (өлшем) нәтижелері негіз ретінде алынады.

Осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайда осьтердің конструкциясы, осьтердің орналасуы және көлік құралымен басқа да манипуляциялар жасала отырып өзгерсе, бақылаулық өлшеу жүргізілмейді және негіз ретінде бірінші өлшеу нәтижелері қабылданады.

**Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 20.05.2025 № 162 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

37. Көлік құралының бақылаулық өлшеу (өлшем) Қағидалардың 30, 31, 33, 34, 35-тармақтарында айқындалған тәртіппен көлік құралының КББ бейнебақылау камераларының көру аймағында болған жағдайда жүргізіледі.

38. Көлік құралының салмақтық параметрлерін өлшеу жылжымалы мобильді таразыларда жүргізілген кезде аудиобейнежазба көлік құралының жалпы түрін, мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісін, дөңгелектердің платформаларда тұруын, сондай-ақ жылжымалы мобильді таразылардың әр платформасына шығарылған біліктік жүктемелерінің цифрлық деректерін тіркеу арқылы жүзеге асырылады.

Көлік құралының салмақтық параметрлерін өлшеу стационарлық үлгідегі салмақ өлшеу жабдығында жүргізілген кезде аудиобейнежазба көлік құралының жалпы түрін, мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісін, сондай-ақ дөңгелектердің платформаларда тұруын тіркеу арқылы жүзеге асырылады, бұл ретте стационарлық КББ ғимаратында

көрінетін біліктік жүктемелерінің цифрлық деректерінің жазбасы Ахуалдық орталық қызметкерімен телевизиялық бейнебақылау жүйесі көмегімен тіркеу арқылы жүзеге асырылады.

Көлік құралының габариттік параметрлеріне бақылаулық өлшем жүргізген кезінде аудиобейнежазба көлік құралының жалпы түрін, мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісін, сондай-ақ өлшеу құралы мен көлем шеңберлерін пайдалана отырып, өлшеу барысын тіркеу арқылы жүзеге асырылады.

Осы Қағидалардың 36-тармағының 1) тармақшасымен көзделген жағдайда бастапқы өлшеу (өлшем) мен бақылаулық өлшеу (өлшем) өткізу арасында аудиобейнежазбады үздіксіз (тоқтаусыз) өткізу қажет.

39. Осы Қағидалардың 31 және 33-тармақтарымен көзделген, көлік құралының нақты салмақтық және габариттік параметрлерін өлшеу жүргізу тәртібін сақтамау фактілері пайда болған жағдайда, Ахуалдық орталық кезекшісі көлік құралының параметрлерін өлшеуді (өлшем) қайтадан жүргізу қажеттілігі туралы нұсқаулар береді.

40. Көлік құралдарының салмақтық және габариттік параметрлерін басқа КББ-мен өлшеу, осы Қағидалардың 36-тармағымен көзделген жағдайларды қоспағанда, тасымалдаушымен мөртабаны қойылған тексеру нәтижелері туралы актінің көшірмесі, не жүк көлігі құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын ұсынған кезде жүргізілмейді.

41. Өлшеу құралы мен көлем шеңберлерінің, стационарлық үлгідегі салмақ өлшеу жабдығының және жылжымалы мобильді таразылардың қателігі тасымалдаушының пайдасына ескеріледі.

Қазақстан Республикасының  
аумағындағы көліктік бақылау  
бекеттерінің жұмысын  
ұйымдастыру қағидаларына  
1-қосымша

## **Стационарлық көліктік бақылау бекеттерінің жабдығы мен мүлік тізбесі**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.10.2021 № 534 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді) бұйрығымен.**

1. Ғимараттар мен құрылғылар.
2. Стационарлық үлгідегі салмақ өлшеу жабдығы немесе жылжымалы мобильді таразылары.
3. Өлшеу құралдары (көлем шеңбері, рулетка, сызғыш, деңгей).
4. Термометр (жаз мерзімінде бақылау үшін).
5. Тахографтан деректерді жүктеу үшін жабдық.
6. Көлік құралдарын тоқтату үшін жезл.
7. Ысқырғыш.

8. Компьютер.
9. Ксерокс.
10. Байланыс құралы.
11. Телевизиялық бейнебақылау жүйесі.
12. Бейнежетондар.
13. Аудиобейнежазба құрылғысы.
14. Қатаң есептегі бланкілерді сақтау сейфі.
15. Қызметкерлер үшін жұмыс орындары.
16. Нормативтік-техникалық құжаттама.
17. Электрмен жабдықтау жүйесі.
18. Ақпараттық стенд.
19. Өрт сөндіру және алғашқы медициналық жәрдем көрсету құралы.
20. Мобильді интеллектуалды бақылау аспабы.

Қазақстан Республикасының  
аумағындағы көліктік бақылау  
бекеттерінің жұмысын  
ұйымдастыру қағидаларына  
2-қосымша

#### **Жылжымалы көліктік бақылау бекеттерінің жабдығы мен мүлік тізбесі**

**Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.10.2021 № 534 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді) бұйрығымен.**

1. Арнайы автокөлік құралы.
2. Жылжымалы мобильді таразылары.
3. Өлшеу құралдары (көлем шеңбері, рулетка, сызғыш, деңгей).
4. Термометр (жаз мерзімінде бақылау үшін).
5. Тахографтан деректерді жүктеу үшін жабдық.
6. Көлік құралдарын тоқтату үшін жезл.
7. Ысқырғыш.
8. Компьютер.
9. Ксерокс.
10. Байланыс құралы.
11. Телевизиялық бейнебақылау жүйесі.
12. Бейнежетондар.
13. Аудиобейнежазба құрылғысы.
14. Қатаң есептегі бланкілерді сақтау сейфі.
15. Қызғылт сары немесе сары түсті жарқылдауық маягі жабдығы.
16. Дыбыстық дабыл жабдығы (дауыс күшейткіш құрылғысы).
17. Қызметкерлер үшін жұмыс орындары.

- 18. Нормативтік-техникалық құжаттама.
- 19. Электрмен жабдықтау жүйесі.
- 20. Ақпараттық стенд.
- 21. Өрт сөндіру және алғашқы медициналық жәрдем көрсету құралы.
- 22. Мобильді интеллектуалды бақылау аспабы.

Қазақстан Республикасының  
аумағындағы көліктік бақылау  
бекеттерінің жұмысын  
ұйымдастыру қағидаларына  
3-қосымша

## МАРШРУТ КАРТАСЫ

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 26.04.2023 № 296 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№ жылжымалы көліктік бақылау бекеті \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(көліктік бақылау органының атауы)

Көліктік бақылауды жүзеге асыру бағыты 1 \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(километрлерді көрсете отырып, автожолдың атауы)

Бақылау жүргізу кезеңі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(бақылау жүргізу күні мен уақыты)

Ұзындығы, км \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Ауысым құрамы:

1. \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

3. \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы)

Маршрут картасы берілді \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы)

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

(қолы)

Кезекшілікті қабылдады:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

1 бір ауысымда үш маршруттан артық емес.

Қазақстан Республикасының  
аумағындағы көліктік бақылау  
бекеттерінің жұмысын  
ұйымдастыру қағидаларына  
3-1-қосымша

Нысан

## КББ келу және тексеру журналы

**Ескерту. Қағидалар 3-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің 20.05.2025 № 162 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

| №   | Тексеру күні | Тексерушінің<br>Тегі Аты-жөні ( бар болған жағдайда),<br>лауазымы | Тексеру<br>барысында<br>анықталған<br>бұзушылықтар | Анықталған<br>бұзушылықтард<br>ы жою мерзімі | Тексерушінің<br>қолы |
|-----|--------------|-------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------|----------------------------------------------|----------------------|
| 1   |              |                                                                   |                                                    |                                              |                      |
| 2   |              |                                                                   |                                                    |                                              |                      |
| ... |              |                                                                   |                                                    |                                              |                      |

Қазақстан Республикасының  
аумағындағы көліктік бақылау  
бекеттерінің жұмысын  
ұйымдастыру қағидаларына  
4-қосымша  
Нұсқа

## КББ жабдығы мен мүлігін қабылдау-тапсыру актісі

Көліктік бақылау бекеті \_\_\_\_\_

| Р/с № | Жабдық пен<br>мүліктің атауы | Өлшем бірлігі | Инвентарлық<br>нөмірі | Саны | Жағдайы ( жұмыс істейді / жұмыс істемейді / жоқ) |
|-------|------------------------------|---------------|-----------------------|------|--------------------------------------------------|
|-------|------------------------------|---------------|-----------------------|------|--------------------------------------------------|

|     |  |  |  |  |  |
|-----|--|--|--|--|--|
| 1   |  |  |  |  |  |
| 2   |  |  |  |  |  |
| 3   |  |  |  |  |  |
| ... |  |  |  |  |  |

Тапсырды \_\_\_\_\_

(қолы) (Т.А.Ә. (бар болған жағдайда))

Қабылдады \_\_\_\_\_

(қолы) (Т.А.Ә. (бар болған жағдайда))

Қазақстан Республикасының  
аумағындағы көліктік бақылау  
бекеттерінің жұмысын  
ұйымдастыру қағидаларына  
5-қосымша  
Нұсқа

### Тексеру нәтижелері туралы акті

Көліктік бақылау бекеті \_\_\_\_\_

Тексерілетін АҚҚ-ның мемлекеттік тіркеу нөмірінің белгілері

Тексеруді жүзеге асырған қызметкердің (Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), (лауазымы)

Жүк жөнелтушінің атауы: \_\_\_\_\_

Тасымалдаушының атауы: \_\_\_\_\_

Жол жүру бағыты \_\_\_\_\_

Жүкті пломбалау туралы ақпарат: \_\_\_\_\_

(бақылаулық (сауда) белгілері немесе тисктің нөмірі)

Жоспарланған келу күні "\_\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Жоспарланған келу күні тағайындалған пунктке дейінгі арақашықтыққа байланысты анықталады.

| Р/с № | Тексеру өткізу кезінде қолданылатын заңнама талаптары                                        | Сәйкестігі (иә/жоқ) | Ескертпе |
|-------|----------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------|----------|
| 1     | Жалпы                                                                                        |                     |          |
| 1.1   | Жол парағының болуы                                                                          |                     |          |
| 1.2   | Жүргізушінің рейс алдыңғы (ауысым алдыңғы) медициналық караудан өткені туралы белгінің болуы |                     |          |
| 1.3   | Автокөлік құралының рейс алдыңғы техникалық караудан                                         |                     |          |



|     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |  |  |
|-----|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|
|     | өткені туралы белгінің болуы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |  |  |
| 1.4 | Қауіпті жүктерді автомобильмен тасымалдауы; жолаушыларды, багажды және жүктерді автомобильмен халықаралық тасымалдауды; жолаушыларды және багажды автомобильмен облысаралық қалааралық тұрақты тасымалдауды; жолаушыларды және багажды автомобильмен облысаралық қалааралық, ауданаралық (облысшілік қалааралық) тұрақты емес тасымалдауды жүзеге асыру кезінде тахографтың болуы және оны пайдалануы (қолданыстағы тексеру туралы сертификаты, тексеру туралы куәлігі, әр жүргізушіге карточка) |  |  |
| 1.5 | Жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын сақтау                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |  |  |
| 1.6 | Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелінген автокөлік құралдарымен тасымалдауды қоспағанда, шет мемлекеттің аумағында тіркелген автокөлік құралдарымен Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан пункттер арасында жолаушыларды, багажды, жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру                                                                                                                                                                                                       |  |  |
| 2   | Жүктерді тасымалдау                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |  |  |
| 2.1 | Тауар-көлік жүкқұжатының бар болуы (CMR)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |  |  |
|     | Халықаралық автомобильмен                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |  |  |

|     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |  |  |
|-----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|
| 2.2 | тасымалдауларды жүзеге асыруға рұқсат ету куәлігінің бар болуы                                                                                                                                                                                                                                                                            |  |  |
| 2.3 | Халықаралық автомобильмен тасымалдауларды жүзеге асыруға рұқсат ету карточкасының бар болуы                                                                                                                                                                                                                                               |  |  |
| 2.4 | Толтырылған отандық рұқсат бланкісінің бар болуы (коносамент, МДП / CARNET TIR, тауардың шығу тегі (шот-фактура, инвойс)                                                                                                                                                                                                                  |  |  |
| 2.5 | ЕАЭО-ның мүше мемлекеттерінің көліктік (автомобильдік) бақылау органдарымен берілген хабарламаның болуы                                                                                                                                                                                                                                   |  |  |
| 2.6 | Тез бүлінетін жүктерді тасымалдау кезінде АКҚ-ның ТБТҚ талаптарына сәйкес куәлігінің болуы                                                                                                                                                                                                                                                |  |  |
| 2.7 | "Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 546 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 22 желтоқсанда № 12463 болып тіркелген) сәйкес жүктердің жеке түрлерін тасымалдауға қойылатын талаптар |  |  |
| 2.8 | Ауыр салмақты және (немесе) ірі габаритті автокөлік құралдарының жүріп өтуіне арналған арнайы рұқсаттың бар болуы (салмақ-габариттік параметрлер асқан жағдайда), тасымалдау маршрутының сәкестігі                                                                                                                                        |  |  |
|     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |  |  |

|      |                                                                                                                                                                                  |  |  |
|------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|
| 2.9  | Көлік құралының салмақтық көлемдік параметрлердің рұқсат етілген параметрлерге сәйкестігі                                                                                        |  |  |
| 2.10 | 1, 6 және 7-сыныптағы қауіпті жүкті тасымалдауға арналған арнайы рұқсаттың болуы, тасымалдау маршрутының сәйкестігі                                                              |  |  |
| 2.11 | "Қауіпті жүк" айырым белгісінің бар болуы                                                                                                                                        |  |  |
| 2.12 | Қауіпті жүктің әрбір түріне нұсқаулықтың бар болуы                                                                                                                               |  |  |
| 2.13 | 1, 6 және 7-сыныптағы қауіпті жүкті тасымалдау маршруты бланкісінің бар болуы, тасымалдау маршрутының сәйкестігі                                                                 |  |  |
| 2.14 | 1, 6 және 7-сыныптағы қауіпті жүктерді тасымалдау кезінде қозғалыс жылдамдығы, маршрутының сақталуы туралы деректерді нақты уақыт режимінде үздіксіз беру құрылғысының бар болуы |  |  |
| 2.15 | Авариялық жағдайда әрекет ету жоспарының бар болуы                                                                                                                               |  |  |
| 2.16 | Қазақстан Республикасы аумағында қауіпті жүктерді автокөлік құралдарымен тасымалдауға рұқсат беру туралы куәлігінің бар болуы                                                    |  |  |
| 3.   | Жолаушыларды тасымалдау                                                                                                                                                          |  |  |
| 3.1  | Халықаралық тұрақты тасымалдауларға рұқсат құжаттарының (халықаралық тасымалдауға арналған рұқсат құжаттары, растаған қозғалыс схемасы, расталған                                |  |  |

|     |                                                                                                                                                                                                                                                                            |  |  |
|-----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|
|     | қозғалыс кестесі, тасымалдауға арналған тариф) бар болуы                                                                                                                                                                                                                   |  |  |
| 3.2 | Жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған куәлігінің бар болуы                                                                                                                               |  |  |
| 3.3 | Жолаушыларды автобустармен, шағын автобустармен тұрақты емес тасымалдау, сондай-ақ жолаушыларды халықаралық қатынаста автобустармен, шағын автобустармен тұрақты тасымалдау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензияның және оған қосымшасы көшірмелерінің бар болуы |  |  |
| 3.4 | Тұрақты емес тасымалдау кезінде борт журналының бар болуы                                                                                                                                                                                                                  |  |  |
| 3.5 | Тұрақты емес тасымалдау кезінде жолаушылар тізімінің бар болуы                                                                                                                                                                                                             |  |  |
| 3.6 | Тұрақты емес тасымалдауға тапсырыс беруші мен тасымалдаушы арасында жазбаша шарттың бар болуы                                                                                                                                                                              |  |  |
| 3.7 | Тұрақты тасымалдаулар кезінде билет-есепке алу парағының бар болуы                                                                                                                                                                                                         |  |  |
| 3.8 | Тұрақты тасымалдаулар кезінде жолаушының жүруіне билеттің бар болуы                                                                                                                                                                                                        |  |  |
| 3.9 | Автобустың, шағын автобустың, такси автомобилінің заңнама талаптарына және оның экипировкасына сәйкестігі                                                                                                                                                                  |  |  |

Инспектордың қолы \_\_\_\_\_

Тексерілген АҚК-ны жүргізушінің қолы \_\_\_\_\_

Мөртабанға арналған орны

Осы тексеру нәтижелері туралы акт автокөлік құралы тауар-көлік жүкқұжатында және (немесе) жол парағында жүк алушымен белгіленген жүкті түсіру пунктіне келген күнге жарамды.

Қазақстан Республикасының  
аумағындағы көліктік бақылау  
бекеттерінің жұмысын  
ұйымдастыру қағидаларына  
6-қосымша

Нысан

### Мөртабан үлгісі

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 20.05.2025 № 162 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Көлік құралының бақылаудан өткенін ресімдеу төменде келтірілген үлгідегі мөртабанмен жүзеге асырылады.

\_\_\_\_\_  
(КББ-нің атауы немесе ЖКББ-нің мемлекеттік тіркеу нөмірі)  
БАҚЫЛАУ ӨТІЛДІ КОНТРОЛЬ ПРОЙДЕН CONTROL IS PASSED

\_\_\_\_\_  
Лауазымы, Тегі Аты-жөні (бар болған жағдайда)

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

KZXXX

(инспектордың төсбелгісінің реттік нөмірі)

Мөртабан көк түсті 50x30 миллиметр көлемінде тікбұрыш түрінде жасалады.

Қазақстан Республикасының  
аумағындағы көліктік бақылау  
бекеттерінің жұмысын  
ұйымдастыру қағидаларына  
7-қосымша

### Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңнамасының бұзылуын жою туралы нұсқама

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 26.04.2023 № 296 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

\_\_\_\_\_  
құрастыру орны жасалған күні

20\_\_ жылғы "\_\_\_"

Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың № 24 қосымшасы болып табылатын Үйлестірілген (келісілген) көлік саясаты туралы хаттамада айқындалған Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы шекарасында көліктік (автомобильдік) бақылауды жүзеге асыру тәртібінің 4, 5 және 12-тармақтарына, Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 154-бабы 3-тармағының 4) тармақшасына, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 550-бабының 4-тармағына (Салық кодексі), "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 15-бабының 2) тармақшасына, 19-7-бабының 1) және 6) тармақшаларына және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 13 тамыздағы № 362 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6472 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында көліктік бақылау бекеттерінің жұмысын ұйымдастыру қағидаларына сәйкес "\_\_\_\_\_ көліктік бақылау инспекциясы" РММ 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ көлік құралын өлшеу (өлшеу) актісі негізінде

көліктегі мынадай бұзушылықты \_\_\_\_\_ жоюды (тасымалдаушы) ұйғарады.

| Бұзушылық                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Бұзушылықты жою шаралары                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | Орындау мерзімі           |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------|
| <p>Автокөлік құралының нақты салмақтық және габариттік параметрлерін тексеру кезінде __</p> <p>-----</p> <p>мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі _____ (келесі – АТС) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 342 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген) Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен жүруге арналған автокөлік құралдарының рұқсат етілген параметрлерінен асып кеткен ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты (қажеттісінің астын сызу) автокөлік құралының жүріп өту фактісі анықталды № 11009 үшін) (бұдан әрі – рұқсат етілген параметрлер), арнайы рұқсатсыз</p> | <p>Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 206 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11395 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларында көзделген тәртіппен тасымалдау (бұдан әрі – Қағидалар) 1) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 552-бабында көзделген тәртіппен бюджетке АКҚ козғалыс бағытының нақты жүріп өткен бөлігі үшін _____</p> <p>_____ (цифр және жазбаша) мөлшеріндегі алымды (Мемлекеттік кіріс департаментіне _____ бюджеттік біліктілік коды) төленген және АКҚ рұқсат етілген параметрлерге сәйкес келтірген;</p> | <p>5 (бес) жұмыс күні</p> |

|                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                           |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 2) Заңның 19-11-бабында және Қағидаларда көзделген тәртіппен АТС қозғалысының барлық бағыты үшін рұқсат етілген параметрлерден асып кете отырып , арнайы рұқсат алу. | "Ауыр салмақты және (немесе) ірі габаритті автокөлік құралдарының жүруіне арнайы рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне сәйкес |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

Осы Ұйғарымды орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 462-бабының 3-бөлігімен жауапкершілік көзделген.

Берді: \_\_\_\_\_

Лауазымы және тегі, аты, әкесінің аты  
(болған жағдайда)

көліктік бақылау бекеті  
қызметкерінің (қолы)

Алды: \_\_\_\_\_

(ұйғарымды алған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және қолы)

Қазақстан Республикасының  
аумағындағы көліктік бақылау  
бекеттерінің жұмыстарын  
ұйымдастыру қағидаларына  
8-қосымша

### Көлік құралын ұстау туралы акті

Ескерту. 8-қосымшамен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 26.04.2023 № 296 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

\_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ сағат \_\_\_\_ минут

(құрастыру орны)

Біз (мен), \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(акт жасаған қызметкерлердің лауазымы, аты-жөні)

\_\_\_\_\_

Куәгерлердің қатысуымен:

1. \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_



("Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі - ӘҚБтК) 754 , 755-баптарына сәйкес куәгерлердің (куәгерлердің) құқықтары мен міндеттерімен танысты).

Кезеңінде " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ ж. \_\_\_\_\_ сағат. \_\_\_\_\_ мин.

**ӘҚБтК-нің 797-бабына сәйкес автокөлік құралын ұстау жүргізілді**

әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан адамның қатысуымен \_\_\_\_\_

— Көлік құралы туралы мәліметтер:

АКҚ маркасы және мемлекеттік

нөмірі \_\_\_\_\_

— Тіркеменің маркасы және мемлекеттік

нөмірі \_\_\_\_\_

— тиесілі \_\_\_\_\_

— есепке алу

орны \_\_\_\_\_

Көлік құралында келесі заттар бар: \_\_\_\_\_

— Актіні толтырған \_\_\_\_\_

— (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, қолы)

Куәгерлер: 1. \_\_\_\_\_ 2. \_\_\_\_\_

— Актінің көшірмесін алды \_\_\_\_\_

— (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), күні, қолы)

**Ескертпе:** көліктік бақылау органдарының қызметкерлеріне олардың құзыретіне сәйкес қызметтік міндеттерін орындауына заңсыз кедергі келтіргені үшін меншік түрі мен нысанына қарамастан жеке және заңды тұлғалар ҚР ӘҚБтК 462-бабына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК